


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

ЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫ

# Кәсіпкерлік пәні

Андабаева Г.К.



# 1 – дәріс сабағы.

## Кәсіпкерліктің даму эволюциясы, мәні, қызметтері мен қағидалары

1. Кәсіпкерлік: түсінігі және пайда болу заңдылықтары
2. Кәсіпкерлікті зерттеу мектептері
3. Кәсіпкерліктің негізгі қағидалары мен қызметтері
4. Кәсіпкерлік қызметтің объектілері және субъектілері


# Дәріс сабагының мақсаты

- кәсіпкерліктің мәні мен пайда болу шарттарын және даму факторларын анықтап көрсету;
- кәсіпкерліктің экономикадагы орны туралы мәліметтер беру;
- кәсіпкерліктің негізгі түрлері мен салалары зерттеу;
- кәсіпкерліктің негізгі ұйымдастырушылық нысандарын анықтау

# 1. Кәсіпкерлік: түсінігі және пайда болу заңдылықтары


ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 2-бабында: Кәсіпкерлік деп - азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

## Кәсіпкерлік түсінігі



Таза кіріс табудағы дербес, бастамашыл қызмет

## Кәсіпкерлік субъектілері





Ғалым	Теорияларының негізгі түсініктері
Ричард Контиллион (Richard Cantillion) (1725ж)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпкер – өзіне жұмыс орынды өзі жасайтын адам</li> <li>- кәсіпкер белгісіздік пен тәуекел жағдайларында жұмыс жасайды</li> </ul>
Николас Бауде (Nicolas Baudeau) (1767ж)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпкер – ең алдымен инновациялық менеджер</li> <li>- кәсіпкерлер мен меншік иесінің арасында айырмашылықтар бар</li> </ul>
Жан Батист Сэй (Jean Baptist Say) (1810ж)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпкерлік еңбек – еңбек, жер, капитал сияқты өндірістің негізгі факторы болып табылады</li> <li>- кәсіпкерлер белгілі бір моралдық және кәсіби қасиеттерге ие болуы керек</li> <li>- кәсіпкер белгісіздік жағдайында жұмыс жасайды және</li> </ul>

Ғалымдар	Теорияларының негізгі түсініктері
Карл Менджер (Karl Menger) (1871ж)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпкер шешім қабылдауда төрт кезеңді ұстану керек: ақпараттарды жинау, экономикалық есептеулер, өнімді таңдау және өндірістік жоспардың орындалуын басқару</li> </ul>
Альфред Маршалл (Alfred Marshall) (1890ж)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпкер мен менеджер өз қызметтерінде ерекшеліктерге ие, сәйкесінше оларға түрлі талаптар қойылады</li> </ul>
Джозеф Шумпеттер (Joseph Schumpeter) (1910ж)	<ul style="list-style-type: none"> <li>- кәсіпкерліктің мәні жаңа өндіргіш күштерді ұйымдастыру болып табылады</li> <li>- кәсіпкерлік қызмет бағыттары: 1) жаңа өнім немесе қызмет түрлері; өндірістің жаңа әдістері; өткізудің жаңа нарықтары; қамсыздандырудың жаңа көздері; ұйымдастырудың жаңа нысандары.</li> <li>- кәсіпкер – әлеуметтік-экономикалық инноватор</li> <li>- кәсіпкер өзінің еңбегімен жаңа пайда түрін – <i>кәсіпкерлік табысты</i> жасайды</li> </ul>



**Экономикалық әдебиеттерде  
кәсіпкерлік пен бизнес ұғымдарын  
балама түрінде қарастыру жиі  
кездеседі.**

**Бизнес пен кәсіпкерлік жақын  
ұғымдар болғанымен, олардың  
арасындағы айырмашылықты да білу  
керек.**

Кәсіпкерлікке қатысты екі жағдайға мән беру керек: *біріншіден*, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуде; *екіншіден*, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты.

А.Смит кәсіпкерді коммерциялық идеяны жүзеге асыру және пайда алу үшін экономикалық тәуекелге баратын меншік иесі ретінде сипаттады. Қазіргі таңда да осы тұжырым өз актуалдылығын жоғалтқан жоқ.

## Кәсіпкерліктің негізгі белгілері:

- шаруашылық субъектілерінің дербестігі;
- кәсіпкерлердің тәуелсіздігі;
- экономикалық мүдделілігі;
- шаруашылыққа тәуекел етуі;
- жауапкершіліктің болуы;
- белсенді ізденуі;
- жаңалыққа ұмтылысы.

# Кәсіпкерлік қызметтің негіздері

## Кәсіпкерлік қызмет негіздері





## 2. Кәсіпкерлікті зерттеу мектептері

Кәсіпкерлік теориясының даму тарихын зерттеуде кәсіпкерлік ұғымын қарастыру қажет. Кәсіпкерлік туралы қазіргі теорияларда кәсіпкерліктің алты концепциясы ажыратылады, олардың әрқайсысы дербес мектепті білдіреді және кәсіпкерлік пен кәсіпкерлік процестің өзіндік түсіндірмесін береді.

Мектептің атауы	Негізгі тұжырымдамасы	Қылықтар мен қабілеттер	Кәсіпорын кезеңдері
Жеке қасиеттерге негізделген мектеп	Кәсіпкер алтыншы сезім деп аталатын табиғи қабілет – интуицияға ие ерекше тұлға.	Интуиция, көңілділік, энергия, табандылық.	Компанияның негізі, басы
Психологиялық мектеп	Кәсіпкерлерде олардың қызметін ынталандыратын, тәуекелге бейімділігі мен жетістікке деген қажеттілігі бар құндылықтардың, көзқарастар мен қажеттіліктердің ерекше жүйесі бар.	Тәуекелге бел буа білу, жетістікке жету қажеттілігі, құндылықтар жүйесі.	Компанияның негізі, басы

Мектептің атауы	Негізгі тұжырымдамасы	Қылықтар мен қабілеттер	Кәсіпорын кезеңдері
Классикалық мектеп	Кәсіпкерлік процестің орталық сипаттамасы - бұл инновация, бизнес мүмкіндіктерін іздеу.	Инновациялық және шығармашылық белсенділік.	Компанияның негізі, басы
Менеджментке қатысты мектеп	Кәсіпкерлер - бұл кәсіпорын құратын, ұйымдастыратын және басқаратын адамдар. Кәсіпкерлерді басқарудың барлық функциялары бойынша оқытуға болады.	Өндірісті, еңбек, қаржылық ресурстарды басқару.	Өсу мен жетілу кезеңі

Мектептің атауы	Негізгі тұжырымдамасы	Қылықтар мен қабілеттер	Кәсіпорын кезеңдері
Лидерлікке қатысты мектеп	Кәсіпкер - бұл басқаларды басқаратын, басқалардың қызметін ынталандыратын және басқаратын көшбасшы, «адам жанының сәулетшісі».	Мотивация, басшылық ету және лидерлік.	Өсу мен жетілу кезеңі
Ішкі кәсіпкерлік мектеп	Сату нарығы мен қызмет көрсету секторын кеңейту мақсатында ірі ұйымдарда тәуелсіз құрылымдық бөлімшелер құру арқылы кәсіпкерлік дағдыларды қолдануға болады.	Жаңа мүмкіндіктерге сезімталдық, оңтайлы шешімдер қабылдау.	Жетілу кезеңі

# 3. Кәсіпкерліктің негізгі қағидалары мен қызметтері

## Кәсіпкерліктің атқаратын қызметтері

Жалпы экономикалық қызмет

Ресурстық қызмет

Жаңашылдық қызметі

Ұйымдастырушылық қызметі

Әлеуметтік қызметі


Басқару қызметі

Тәуекелге бару қызметі



- Заңдылық қағидасы
- Кәсіпкерлік еркіндік қағидасы
- Кәсіпкерлік субъектілерінің теңдік қағидасы
- Меншікке қол сұғылмаушылық қағидасы
- Адал бәсекелестік қағидасы
- Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпаратқа қолжетімділік қағидасы
- Тұтынушылар, кәсіпкерлік субъектілері және мемлекет мүдделерінің теңгерімділігі қағидасы
- Сыбайлас жемқорлықтан азат болу қағидасы
- Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара жауапкершілік қағидасы
- Кәсіпкерлік субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеттілігін арттыру қағидасы
- Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділік қағидасы
- Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету қағидасы
- Отандық тауар өндірушілерді, жұмыс орындаушыларды, қызмет көрсетушілерді қолдау қағидасы
- Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің ісіне заңсыз араласуына жол бермеу қағидасы
- Өзін-өзі реттеу қағидасы
- Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысу қағидасы
- Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыру қағидасы

# 4. Кәсіпкерлік қызметтің объектілері және субъектілері



**Кәсіпкерлік субъектілері: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, оралмандар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері)**

Кәсіпкерлік субъектілері: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, оралмандар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері)

Кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттері:

- 1) ҚР заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- 2) ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы толық және анық ақпарат беру;
- 6) табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау;
- 7) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдаланудың және қызметті жүзеге асыру процесінде оларды басқарудың тиімділігін арттыру.



Кәсіпкерліктің объектілері:  
шаруашылық қызметтің кез-келген  
түрлері, коммерциялық делдалдық,  
инновациялық, кеңес беру іс-  
әрекеттері, құнды қағаздармен  
операциялар.

## Қайталауға арналған сұрақтар

1. Кәсіпкерлікті өндірістің төртінші факторы деп атаған ғалым кім, неліктен?
2. Қазақстандағы, әлемдегі табысты кәсіпкерлерді атаңыздар, олардың қызметіне сипаттама беріңіздер.
3. «Кәсіпкер болып туылады» деген түсінік сіздің ойыңызша дұрыс па, әлде кез-келген адам кәсіпкер бола алады ма? Мысалдар арқылы түсініктеме беріңіздер.
4. Д.Куратко бойынша кәсіпкерлік туралы 10 миф келтіріп, әрқайсысын талдаңыздар.
5. Бизнес үшін команданың маңызы қандай, не үшін маңызды екенін түсіндіріңіздер. Командада кім болуы керек, неліктен?
6. Табысты кәсіпкердің жеке қасиеттері, басқа адамдардан басты айырмашылығын атап көрсетіңіздер.

## Әдебиеттер:

1. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. 10-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 480 бет
2. А.М. Есиркепова / Кәсіпкерлік: Оқу құралы. – Қарағанды: «Ақнұр баспасы». – 2017. – 268 бет.
3. А.Н. Токсанова Основы предпринимательской деятельности. – Астана, 2007. – 480 с.

# Назарларыңызға рахмет



Телефон 8 (701) 320 37 24

E-mail: [andabayeva.gulmira@kaznu.kz](mailto:andabayeva.gulmira@kaznu.kz)